

## С. Медеубекұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ. e-mail: Medeubek.S.agat@gmail.com

### БЕЙНЕСӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ОЯТУ СИПАТЫ

Бұл мақалада сызу, ою, таңбалау, бейнелеу, сомдау арқылы бұқаралық пікір тудыру, қоғамдық санаға қозғау салу машығының тарихи қалыптаса келе белгілі бір жүйесі, жанрлары, түрлері бар ақпарат тарату өнеріне (бейнесөз) айналғандығы туралы ғылыми сараптама жасалады. Адамзаттың тасқа таңбалаған ең алғашқы бейнесі – өз сұлбасы, өз болмысы. Адам істеген ісін өзгеге жеткізу талпыныстарын әуелі өз тұлғасын тасқа таңбалау арқылы танытқан. Сол әрекет ақыл ой алға жылжып, іс-қимыл қозғалыстар белгілі бір мағыналы мақсатқа жұмылдырылып, жетілген сайын тастағы адам сұлбасы да жандана, жаңғыра түсті.

Публицистиканың, яғни замансөздің бастау-бұлағы адамзат бірі-бірімен ақпарат алмаса бастаған дәуірлерден бастау алады. Қимыл (ым, ишара), дыбыс (үн, дауыс), бейне (сызба, таңба) арқылы ақпарат алмасу машықтары дами келе жоғары деңгейге көтерілген соң, тіл, сөз айту машықтары қалыптасқаннан бастап шешенсөз өмірге келді. Яғни адамдар ең әуелі бір-бірімен ақпарат алмасуды үйренді.

**Түйін сөздер:** сызу, ою, бейнелеу, публицистика.

## С. Медеубекұлы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан,  
г. Алматы, e-mail: Medeubek.S.agat@gmail.com

### Бейнесөз и его влияние на пробуждение общественного сознания

Статья посвящена искусству бейнесөз: слову-знаку, слову-рисунку-узору, слову-видео-изображению, своеобразной ранней форме «письменности», исторической форме общественно-го сознания, влияющей на возникновение последующей системы жанров и видовых разновидностей. Первое, что было внесено человечеством посредством наскальных рисунков на камнях, это силуэт и бытие о самом человеке. Все, что хотел донести один человек другому, он передавал через рисуночное письмо. Рисунок на камне был чем-то вроде памятника себе, своего рода посланием в будущее. Таким образом каменный человек возрожден и обновлен.

Истоки журналистики, публицистики, то есть рождение истории слова, начинаются с эпохи, когда человечество начало общаться друг с другом с помощью пиктографии. После того, как сформировались навыки общения, полученные через голос, движение, графические символы, появилась опосредованная коммуникация. То есть люди впервые научились обмениваться информацией друг с другом.

**Ключевые слова:** рисунок, мысль, изображение, публицистика.

## S. Medeubekuly

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ. Medeubek.S.agat@gmail.com

### Beinesos cand date of philological Sciences

The nature of the video and the awakening of public consciousness Annotation. In this article, the scientific analysis of the fact that the art of drawing, drawing, labeling, illustration, sampling, public consciousness has become a historic form of formation, a genre, and a kind of historical form. The foremost portrait of humankind on the stone is its own scheme, its identity. At first, man's motive for trying to bring something else into action was his mark on the stone. As the action moved forward and the action movements were mobilized to a specific purpose, the stone man was revived and renewed.

The origins of journalism, that is, the beginning of the history, begin with the era when mankind began to communicate with one another. After the communication skills gained through voice (voice, voice), audio (voice, voice), video (graphics, symbols), the speaker came into existence. That is, people first learned to exchange information with each other.

**Key words:** drawing, drawing, depiction, publicism.

Алғашқы қауымдық құрылыс заманынан бастап күнкөріс қамының қажеттілігі тудырған ақылдың нәтижесінде қолданысқа енген еңбек құралдары тек тамақ табуға ғана арналмады. Тас ғасыры тарихындағы адамдар өз кезеңінде техникалық өрлеу сатысынан өтті. Ашель дәуірінің соңында отты қолдануды үйренді. Біраз бұрын Замбиде ағаш қалдықтары қалған тұрақ табылған. Тіпті, ғалымдардың зерттеуі бойынша осы жерлерден ошаққа ұқсас заттар да кездескен. Бұл тұрақтар палеонтоптарға тәуелді болған. Олар тек қана тас құралдарымен ғана емес, сонымен қатар ағаш жарақтарын да қолданған. Атап айтсақ, қалың ағаштардан жасалған тоқпақтар, таяқшалар мен теселер, қатты ағаштардан дайындалған пышақтар жасай білген.

Ашель дәуірінің соңы мен мустьер мәдениетінде тасты өңдеу жаңа техникасы пайда болды. Бұған дейін олар тас құралдарын бір-біріне соғу арқылы дайындаған. Сондықтан да құралдар біріне бірі ұқсамайтын әр түрлі қалыпта пайда болған. Ал жаңа техника леваллуаз деп аталып, ол бойынша бұрынғыдан әлдеқайда түзу, бір қырлы құралдар мен шеңберлер жасаған. Мустьер дәуірі өзіне дейінгі көне дәуірлерден осы құралдары мен заттары арқылы ерекшеленеді.

Леваллуа техникасында бұл құралдар ғана емес, соқпа құралдар да пайда болған. Олар ағаштың қатты түрінен және сүйектерден жасалған балта тәріздес құралдар. Бұл құралдар біздің дәуірімізге дейінгі бірнеше мыңжылдықтарда Африканың кейбір аймақтарында сақталған. А.А. Казанковтың “Агрессия архайческих обществах” атты кітабында сол дәуірде пайда болған қару-жарақтар өзгертілмей сол қалыпта 8-12 мың жылдар бойы қолданылып келгені жазылған. Ашель дәуірінде палеонтоптар жаңа өмір үрдісіне көшті. Археология зерттеулерінің нәтижелеріне сүйенсек, олардың тұрақтары бұрынғыдан әлдеқайда жаңаша негізде әрі тастар мен мамонт сүйектерінен жасалған. Осылайша, бұл дәуірдегі адамдардың өнер жолындағы алғашқы қадамдары басталды.

Тас дәуірінің қашаулары тері илеп, қатты тамақты үгіту үшін ғана пайдаланылған жоқ. Оның үшкір ұштарымен тастың бетіне әр түрлі

бейнелер салынды. Сол бейнелер арқылы көргендердің көңіліне, санасына ықпал ететін белгілі бір мәселе немесе оқиға туралы ақпарат таратты. Сол замандардан тас бетінде қалған әр түрлі сұлбалар мен сызықтар, тамғалар мен белгілер, нышандар мен бейнелер бүгінгі біз үшін жұмбағын жасырған суреттер болғанмен, өз заманының ақпараттар тасқыны екені шындық. Палеолит дәуірінің тастағы таңбалары өз заманының ақпарат көзі ғана емес адамдардың миына, сезіміне ықпал ететін, ойландыратын, әрекетке бастайтын, санасына қозғау салатын құрал ролін атқарғаны да сөзсіз. Бейне арқылы бұқараға ой салу, іске бастау әр заманда түрлі бағытта дами келе бүгінде жетілген, түрлі салаларға бөлінген бейнелеу, кескіндеу, мүсіндеу өнерлеріне ұласты. Ақпарат тарату, сол ақпаратпен белгілі бір ойды жеткізу, сол оймен қоғамдық санаға қозғау салу бейнелеу амалдары арқылы да жүзеге асады. Демек, замансөздің бастау көзінде бейне арқылы ақпарат тарату және әрекетке бастау өнері де тұр. Оны біз **бейнесөз** деп алдық (тастағы таңбалар, сұлбалар, оюлар мен өрнектерді, балбалдар, мүсіндерді, қоғамдық-әлеуметтік және саяси тақырыптарға салынған суреттер мен плакаттарды, карикатураларды немесе жарнамалар мен жарнамаларды, ескерткіштер мен монументтерді еске алыңыз.) Бейнесөз көру арқылы қабылданады. Осы қабылдау барысында көрушінің тарихи жады оянады. Өткен оқиға, сол оқиғаға қатысты деректер мен мағлұматтар есіне түседі. Ерік-жігері, рухы, намысы көтеріледі. Әрекет етуге бекінеді. Бейнесөздің атқарар қызметі де осы болатын.

Қазақтың ұлттық өнерінің озығының бірі – оюмен ой айту екеніне ешкім күмәнданбайды. Есігінен төріне дейін оюланған, өрнектелген бұйымдар мен тұтыну заттарын көрген жанның көзмайын алатын көркемдік әлемге толы қазақ үйінің сыртқы пошымы да табиғатпен астасып, таулармен, жоталармен үндесіп, үйлесіп тұратындығы – көшпелілер ақыл ойының ғасырлар бойы ізденуінің жемісі. Адам көрген затының бәрінен белгілі бір мөлшерде ақпарат алады. Ол затты Аллатағала жаратсын немесе күні кеше ғана адам қолынан шықсын, олардың бәрі көзге көрінген сәтте-ақ адамға алғашқы

ақпаратты береді. Яғни адам көрген затының түр-тұлғасынан, рең-түрпатынан:

- оның түсінің қандай екенін көреді;
- көлемінің қандай екенін көреді;
- қандай заттан жасалғанын көреді;
- жаңа немесе ескі екенін көреді. Мұның бәрі

– ешбір айтусыз, ешбір дыбыстың қатысынсыз, тек бейнені көру арқылы адам түйсігімен алғаш алынған ақпараттар. Бұлардың өзі адам санасына қозғау салады, ойландырады, белгілі бір дәрежеде қорытындыға келуге жетелейді. Демек ақпаратты дыбыстың араласуынсыз да алуға болады екен және бейне де адам санасына қозғау салуға қызмет ете алады екен.

Ал енді сол көрген заттың бетінде сызылған немесе қашалған таңба немесе сурет тұрса, онда алғашқы ақпаратқа тың да мазмұны нақтырақ ақпараттар алдыңғы орынға шығады. Яғни ежелгі адамдар салған тастағы оюлар мен сызбалар және сұлбалар – адамдарды белгілі бір оқиға немесе құбылыс содан туындаған мәселе төңірегінде ақпараттандырудың басы.

Болған оқиғаны бір адамның екінші адамға жеткізуге талпынысы ежелден бар. Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі, тас дәуірлеріндегі, (полеолит, неолит) адамдардың таңбалап қалдырған сызылымдары, бейнелімдері – ақпараттандырудың ең алғашқы үлгілері ретінде де қарастырылуы тиіс. Бүгінгі біз мұны ақпараттандырудың ең қарапайым да жабайы үлгісі деп қарағанымызбен, сол кездегі қызметі қазіргі қатысым (коммуникация) амалдарының ең озық үлгілерінің атқарып отырған қызметімен бірдей. Егер біз алғашқы еңбек құралының пайда болуын адамзат мәдениетінің басы деп білсек, ойлап тапқан құралымен тасқа таңбалау арқалы ақпарат тарату- сол заманның ең озық өркениеттік жетістіктерінің бірі болатын. Айналасындағы болмысты тасқа таңбалауды жетілдіру нәтижесінде жазу пайда болғанын, қазіргі әліпбидегі әріптердің ежелгі замандағы адамдар жасаған табиғи тіршілік тынысын танытатын белгілер, суреттер болғандығын және олардың уақыт өте келе символдық бейнелерге айналғандығын ғалымдар көптен бері айтып келеді. Рәміз демекші, кей ғалымдар адамдар тобының, тайпалардың, рулардың өздерін танытатын белгі-таңба-ен жүйелерінің тарихы өте ертеден басталатындығын айтады.(2) Түркі-монғол халықтарының аңыздары бойынша, ортағасырлық ел билеушілердің билік жүргізуі алдымен әр тайпаға жеке ат, таңба, белгі т.с.с. бөліп беруден басталғанын білеміз. Мысалы, Шыңғысхан өз қоластындағы барлық руларға жеке-жеке рә-

міз ретінде ағаш, құс, ерекше таңба және ұран бөліп берген көрінеді. Сондай-ақ Оғыз хан өзінің 24 немересіне дәстүр бойынша жеке-жеке таңба бөліп берген. Рашидаддин кезінде барлық таңбалардың Ұзын ханның мұрагері – Күн хан тұсында белгіленгендігін жазған болатын.(3) Таңбалардың түркі-монғол халықтарында бүгінгі заманға дейін сақталғандығының айғағы жетерлік. Орыс ғалымы Н.Ф. Катанов 1882-1892 жылдар аралығында түрк-монғол халықтарының 3 мыңға жуық таңбасын жинастырған. Таңба туралы айтқанда біз оның тамға, белгі, ен түрлерін де ескереміз. Өйткені, әу баста бұлар бір ұғым-түсініктен туғанымен, уақыт өте келе әрқайсысының ру, тайпа, одақ, бірлестіктердің қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық өмірінде жеке-жеке өзіндік атқарар қызметі болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Мысалы, белгі бұл мазмұны жағынан тамға мен таңбаға қарағанда тар мағынада қолданылады. Бұл күнделікті тіршілікте аяқ астынан туған жағдайға байланысты өмірге келеді де (заттың, жердің бетін ұмытып қалмас үшін сызып қою, қазып қою, жыртып қою, тіліп қою, кесіп қою, қазық қағып қою, бүктеп қою, бояп қою, т.с.с.), уақыт өткен соң өз мәнін жоғалтады. Тамға қазақ тұрмыс-тіршілігінде төрт түлікке салынады. Әр рудың немесе тайпаның, отбасының малдарына салынатын және атадан балаға мұра болып қалатын сол әулетке ғана түсінікті нышан. Ен – бұл да малға (бұрын адамға да салатын болған) салынатын жекелік иелік мәні бар нышан. Таңба – бұл бүкіл бір рудың, тайпаның, одақтың, бірлестіктің бәріне ортақ саяси-әлеуметтік мағынасы бар нышан. Біз бұлардың бәрін тілге тиек етіп отырғанымыздың басты себебі, бұлардың бәрі ең алдымен ақпараттық мәнге ие. Осы нышандарға қарап көрген адам белгілі бір ақпарат алады. Қай руға жататындығын біледі. Бұл нышандардың астарында адамдарды топтастыру, біріктіру, жұмылдыру мағынасы да бар. Осы нышандардың дамыған, күрделенген нұсқасы мемлекеттік мәні мен маңызы бар рәміз дәрежесіне көтерілген. Оны мемлекеттік елтаңба дейміз. Мемлекеттік рәміз бір мемлекеттің құрамындағы барлық ұлыстар мен ұлттардың бәріне ортақ киелі нышан. Мемлекеттік елтаңбадағы бейнелердің бәрінде үлкен мән терең мағына бар. Елтаңбадағы бейнелердің не мағына беретіндігі зерттеушілердің айтқанына назар аударып көрелік: «Елтаңба – елдіктің, тәуелсіздіктің, мемлекеттіліктің ерекше белгісі, неміс тілінен аударғанда «мұра» немесе «енші» мағынасында айтылады. Қазақ же-

рінде алғашқы мемлекеттік бірлестіктер қашан пайда болса, елтаңбалар тарихы да сол кезеңнен басталады. Басқаша айтқанда, елтаңба тарихы – бұл мемлекеттің тарихы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кез келген мемлекеттің Елтаңбасы өзіндік ерекшелігімен бір елді екінші елден ажыратып тұрады. Айталық, ерте темір дәуіріндегі сақ тайпалары өзгелерден «тамға» аталатын тотем белгісі арқылы бөлініп тұрған. Тамға – ерекше белгі, қасиетті рәміз, мөр дегенді білдіреді. Б.з.б. V ғасырда Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» киімі 4 мыңға жуық әшекеймен безендірілсе, сол әшекейлер барыс, бұлан, тау-теке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «андар стилінде» жасалған. Көк Туымыздағы ою-өрнекті «қошқар мүйіз» де осыдан шыққан. Елтаңбаға «Алтын адамның» бас киіміндегі екі жаққа қараған мүйізді қанатты пырақты аттар негіз етіп алынды.»(4)

Қазақ оюларының басы да тастағы таңбаларға, басқаша айтқанда ежелгі дәуірлерге апарып тірейді. Баса назар аударатын нәрсе оюда дәстүр сабақтастығы үнемі жалғасып отырған. Мысалы, тасқа таңбаланған адам бейнесін қазақ даласынан табылған бірде қоладан құйылған ыдыстан байқаймыз, енді бірде алтыннан апталған бұйымнан, тағы бірде ағаштан шабылған табактан аңғарсақ, келесіде киізден басылған төсеніштерден, матадан тігілген киім-кешек, жасаулардан көзіміз шалады.

Адамзаттың тасқа таңбалаған ең алғашқы бейнесі – өз сұлбасы, өз болмысы. Адам істеген ісін өзгеге жеткізу талпыныстарын әуелі өз тұлғасын тасқа таңбалау арқылы танытқан. Сол әрекет ақыл-ой алға жылжып, іс-қимыл қозғалыстар белгілі бір мағыналы мақсатқа жұмылдырылып, жетілген сайын тастағы адам сұлбасы да жандана, жаңғыра түсті (Адам тұлғасы бейнеленген сурет өнерінің ең озық үлгілерін еске түсіріп көріңіз). Солай болған күннің өзінде тастағы алғашқы адам сұлбасы пішіндік болмысын көп өзгертпестен қазақ оюларында бүгінгі күнге дейін негізгі айшық ретінде өмір сүріп келеді. Бұған көз жеткізгіңіз келсе, алысқа барудың қажеті жоқ.

Қазақ оюының ұлттық болмысын айқындайтын өзіне ғана тән ең басты символикалық белгісі, басқаша айтқанда, барлық ұлттың оюларын қатар қойғанда солардың ішіндегі қазақтың оюын айқындап тұратын негізгі айшық – «қошқар мүйіз». Бұл – халық ұғымында қуат-күштің, молшылықтың, байлықтың белгісі. Қошқармүйіздің екі ұшын созып әкеп басталған жеріне қоссаңыз,... қатар тұрған қос шеңбер...

пайда болады. Бұл – достықтың, бірліктің, татулықтың, ынтымақтың белгісі. Қос шеңбер – екі жұмыртқаның сызбасы. Бұл – мәңгіліктің әрі шексіздіктің және ұрпақ сабақтастығының белгісі. Осыншама ұғымды сыйдырып тұрған «қошқармүйіздің» ар жағында адам жасырын тұрғанын аңғармау мүмкін емес. Қазақ – оюмен ой айтқан халық. Оюды ой айтудың құралына айналдырған ұлт. Жазу мен сызудың сырын оюы мен өрнегі арқылы терең меңгерген ел. Аңыздардың бірінде алысқа ұзатылған қыз бірер жылдан соң керуеншілерден ата-анасына кестелі орамал жіберіпті. Орамалдың бетінде қанатын қаға самғап бара жатқан көгершін кестеленген екен. Мұны көріп ата-анасы: «қызымыз көңілі көкте еркін ұшқан кептердей екен. Тәуба деп қуаныпты. Тағы бірер жылдан соң әлгі керуенші тағы да кестелі орамал әкеліпті. Орамалдың жиегі қара жіппен көмкеріліпті де, сабы сынған қамшы және торда отырған тоты және тікесінен тік тұрған ер адам бейнеленіпті. Сонда ата-анасы қайғырыпты. – Қызымыздың күйеуі қайтыс болып қалың қайғыға қалыпты. Тордағы тотыдай күні қараң болыпты. Өменгері отырса – опақ, тұрса – сопақ өмір кештіріп жүр екен. Барып өз көзімізбен көріп қайтайық, – деп атқа мініпті.»(5) Аңыз болғанымен, аңыз түбі – ақиқат екендігін де ешкім жоққа шығара алмайды.

Ою мен өрнекті зерттеп жүрген ғалымдар оюлардың пішіндік сипатына байланысты а) аспанәлемдік; ә) геометриялық; б) жандыәлемдік; в) көкөністік деп бірнеше салаға бөліп қарастырады. Аспанәлемдік ою-өрнек түрлеріне күн, ай, жұлдыз секілді аспан шырақтары көбірек қолданылса, геометриялық түрлеріне төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер, тік сызық, қоссызық, т.б. фигуралар қолданылады деп түсіндіріледі. Бұлай бөлу әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Мұндай зерттеу әдісі отырықшы елдердің таным түсінігі бойынша дүниеге келген. Ал көшпелі елдің дүниені тану әдісі жаратылыстың табиғи болмысынан алыстамай, сонымен астасып отырады. Ұлттық оюдың астарында белгілі бір ақпарат жатқанын білу үшін де оны танып білу әдістерін дұрыс жолға қойған абзал. Тегінде оюларды сыртқы пішініне қарай топтастырудан гөрі мазмұнына және салынатын затына қарай бөлген назарда болған жөн секілді. «Мазмұны» дегенде оюшының ойып отырған оюының әу баста кімге, неге, қандай мақсатпен ойылғанын түсіну маңызды. Ал салынған затына қарай:

«бәдіз» – тасқа қашалған ою;

«шекіме» – қаңылтыр бетіне шекілген ою;

«тұр» – сырмақ, текемет бетіне салынған ою;

«батырма» – тері бетіне батырылған ою;  
 «құйма» – металдан құйылған ою;  
 «кесте» – мата бетіне тігілген ою;  
 «тоқыма» – жүннен тоқылған ою;  
 «оймыш» – ағаш бетіне оймышталған ою;

«қию» – қағаздан, матадан, теріден, қаңылтырдан қиылған ою десек, ұлттық таным мен талғамға жақын келеміз. «Зерттей түсу қажет» дегенді біз көбінесе «геометриялық» деген аталымға байланысты айтамыз. Өйткені, геометриялық деген атау таза ұлттық санадан гөрі сырткөздік ұғымнан келіп шығып отыр. Әйтпесе, ою тілінде –

«үшбұрыш» дегенді қазақ «үшкіл», «үшем», «тұмар»;

«төртбұрыш» дегенді «шаршы» («шаршы топ, шаршы әлем»);

«бесбұрыш», «алтыбұрыш» дегенді «жұлдыз»; «шеңбер» дегенді «күн»;

«жарты шеңбер» дегенді «ай» дейді. Осылайша, мұндағы геометриялық түсініктер аспанәлемдік ұғымдармен, табиғаттың нысандарымен және соларға байланысты туған түсінік, таным мен талғам арқылы фәлсапалық санамен астасып кетеді де математикалық нақтылық тудырған сипаты жоққа тән болады. Яғни оюдағы ақпаратты тану үшін ең әуелі сол оюды ойған ұлттың дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін тану мен зерделеу маңызды. Сырмақ, текемет бетіндегі оюлардың орналасуына қарай олардың өз атаулары бар.

Әрине, сырмақ бетіндегі оюдың бәрі дәл біз айтқандай салынбаған да болуы мүмкін. Бірақ оюды салушының әу баста осы сырмақ түрі мен өрісіне және әшиесіне бір мән бергісі келгені ақиқат. Сол арқылы үлкен әңгіме айтпақ та болған. Оны енді сол оюшы ғана толық біледі. Біздікі әншейін жорамал ғана. Десек те оюдың әр үлгісінен мағына мен мазмұн іздеу арқылы бір ақиқатты табарымыз анық. Бейнесөз көру арқылы қабылданады. Осы қабылдау барысында көрушінің тарихи жады оянады. Өткен оқиға, сол оқиғаға қатысты деректер мен мағлұматтар есіне түседі. Ерік-жігері, рухы, намысы көтеріледі. Әрекет етуге бекінеді. Бейнесөздің атқарар қызметі де осы болатын.

Бейнесөздің ежелгі нұсқалары өз заманынан тарихи ақпараттардың елесін берсе, бейнелеп ой айту өнері дами келе күнделікті өмірдегі өзекті мәселелер туралы қоғамдық ой қозғап, олардың шешілуіне түрткі болу қызметін де атқаратын өнерге айналғанына дәлел көп. Солардың бірі – карикатура өнері. Карикатура арқылы қоғамда болып жатқан келеңсіз жайттарды сынайды, мі-

нейді, шенейді, бұқаралық пікір тудырады, билік басындағыларға ой салады, мәселенің шешілуіне түрткі болады. Карикатураның пәрменділігі, көтерген мәселесінің өзектілігінде және соны өткір оймен жеткізе білуінде.

Бейнесөздің келесі бір легі – плакаттар. Плакатта салынған бейнелерге қарап қоғамда ең өзекті проблеманы білуге болады. Плакаттарды мазмұнына қарай: жарламалық, яғни белгілі бір болатын шараға шақыру, сол туралы жарлау мәні басым үгіттік мағынадағы плакаттар; жарнамалық, яғни ең қажетті затты, өнеркәсіп өнімін өткізу мәні басым плакаттар; насихаттық, яғни жеке тұлғаны таныстыру, беделін көтеру, мақтан ету, үлгі қылу мәні басым плакаттар; әшкерелік, яғни саяси-қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жат мінез, жағымсыз іс, заңсыз әрекеттерді жалпы жұртқа жария ету арқылы бұдан былай болдырмау мақсатындағы плакаттар деп бөлуге болады. Баспа-баспаханалық стандарттар бойынша да пішіндік сипатына қарай бөлу бар. Айтпағымыз – плакаттар да салынған бейне-суреттері арқылы белгілі бір дәрежеде замансөз жүгін атқарады – қоғамдық пікір тудырады, санаға қозғау салады, әрекетке бастайды, жұртты қажетті іске жұмылдырады. Бейнесөздің тағы бір түрі – фото, яғни фотобейне, фотосурет, фотоколлаж, фотоэтикеттер. Мұнда да фотограф көзімен көрген шындықты жұртқа жариялау арқылы «әлеуметке дегенін істетеді» алады. Мүсін өнерінің де бейнесөз міндетін атқара алатындығына шүбә келтіруге болмайды. Болған тарихи оқиғаларға орнатылған монументтер, тарихи тұлғаларға қойылған ескерткіштер көрген жанға ақпарат беріп қана қоймайды, санасына түрткі болады, рухын оятады, жігерлендіреді, ойландырады, тебіренетеді, толғандырады, шешім қабылдатады.

Сонымен жоғарыда айтылған ойларды жинақтай келе мынадай қорытындыға тоқтаймыз. Публицистиканың, яғни замансөздің, бастау-бұлағы адамзат бірі-бірімен ақпарат алмаса бастаған дәуірлерден бастау алады. Қимыл (ым, ишара), дыбыс (үн, дауыс), бейне (сызба, таңба) арқылы ақпарат алмасу машықтары дами келе жоғары деңгейге көтерілген соң, тіл, сөз айту машықтары қалыптасқаннан бастап шешенсөз өмірге келді. Яғни адамдар ең әуелі бір-бірімен ақпарат алмасуды үйренді. Ақпарат алмаса жүріп ойлану, ой айту, әлеуметтік пікір қозғау, бір-бірінің санасына түрткі болу арқылы қоғамдық сана қалыптастырды. Бұл кезеңдерде шешенсөз басты мәнге ие болды. Ақпарат алмасудың, ой айтудың даму сатысы жоғарылағаннан кейін көркемдік тәсілдер қызмет атқара бастады.

Көркем ойлау ақпараттарды, көзқарастарды, пікірді бейнелі, ажарлы етіп беруге жол ашты. Бұл үдерістер дами келе көркем сөйлеу мен көркем ойлау нәтижесі – ауызша әдебиетті өмірге әкелді. Енді алғашқы ақпарат уақыт өте келе ескірді. Тек кейінгі ұрпаққа қажетті тағылымдық мазмұн мен мәлімет қана қалды. Әр ұрпақ өз танымы мен талғамының қажетіне қарай өзгерістер енгізіп отырды. Оның бірнеше нұсқасы пайда болды. Осылардың өзі бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ауыса келе әлгі әу бастағы шындық ақпарат (шешенсөз) кейін көркемделген ақпарат (ауызша әдебиет) белгілі бір мазмұн мен пішінге ие болып, халық санасында елес ақпарат болып тұрақталады (фольклор).

Адам бар жерде олардың тіршілік үшін топтасу нәтижесінде қалыптасқан қоғамы бар. Ол қоғамдық ортада даму үдерісі жүзеге асу үшін қоғамдық санаға қозғау салып отыру қажет. Осы қажеттілікті өтеу замансөз арқылы жүзеге асады. Бұл барлық өркениеттік цивилизацияда өшкен де, кеміген де емес. Өз функциясын атқару арқылы адамзат қоғамының алға жылжуына өз ықпалын тигізіп келе жатқан замансөздің мәні осында. Айтайық дегеніміз халық бар жерде, оның өмір сүру дәстүрі мен салты барда қимылсөз де, дыбыссөз де, бейнесөз де, шешенсөз де, ауызша әдебиет те, фольклор да онымен бірге жасап келеді және жасай береді.

### Әдебиеттер

1. Панов Е.Н. Знаки, символы, языки. 40-41 бет.
2. Сағалаев А.М., Октябрьская И.В. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. – Новосибирск: «Наука», Сибирское отделение, 1990. – С. 20.
3. Митиров А.Г. Генетические связи тамг тюрко-монгольских народов.
4. Аяғанов Б. Дереккөз: <http://e-history.kz/kz/publications/view/621> © e-history.kz
5. Медеубекұлы С. Ою хан мен Жою хан. – Алматы: Жалын, 1994.

### References

1. Panov E.N. "Signs are symbols of languages". 40-41 bets.
2. Sagalayev A.M., Oktyabrskaya I.V. The traditional worldview of the Turks of Southern Siberia. Sign and ritual. Novosibirsk. "Science", Siberian Branch. 1990. P.20
3. Mitirov AG Genetic relations of tamgas of the Turkic-Mongolian peoples.
4. Ayahanov B. Derekkz: <http://e-history.kz/kz/publications/view/621> © e-history.kz
5. Medeubekly S. Oyu Khan Men Zhuyu Khan. Almaty, A., Zhalyyn, 1994.